

## **№13 дәріс. Экскурсияны жүргізуде қолданылатын әдістер мен техника.**

### **Дәріс жоспары:**

1. Экскурсияны жүргізу техникасы» түсінігіне сипаттама
2. Топпен жұмыс істеу
3. Экскурсанттардың сауалдарына берілетін «жауап беру» техникасы

Мақсаты: Экскурсия кезінде келушілерге импатиялық қалып қатыныс жасап, харихман арқылы таныстыру методикасын білім алушыға түсіндіру керек.

Көп жағдайда экскурсия жүргізудің техникасы оның әсерлі болуына септігін тигізеді. Егер экскурсия жүргізуші әдістемелер жиынтығы мен экскурсия жүргізу техникасын өзара қабыстырар болса, онда оның шеберлігі жоғары деуге болады. Экскурсия жүргізу техникасын меңгермей, сапалы экскурсияны ұйымдастыру мүмкін емес. Өз кезегінде экскурсия жүргізу техникасына бірқатар талаптар қойылады. Олардың қатарына экскурсия жүргізушінің топпен танысуы, автобустан түсіру мен автобуска кіргізу, оларды маршрут бойынша шашау шығармай алып жүру, нысан маңында топты дұрыс топтастыру, микрофон мен дауыс күшейткішті пайдалану, экскурсияға бөлінген уақытты сақтау, экскурсанттардың сұрақтарына жауап беру, олардың сусын ішу мен тамақтануын (егер экскурсия бірнеше сағаттарға созылса) қамтамасыз ету, т.б. сан алуан жұмыстар кіреді.

Топпен жұмыс істеу бірінші кезекте танысудан басталады. Музей ғимараттарындатанысу кірер есік алдында жүргізілсе, автобуста экскурсия жүргізуші оған кіре сала, өзін таныстырып шығады. Өзінің аты-жөнін, қызметін айтып, кіріспе сөз сөйлеуі тиіс. Топтағы адамдардың жас ерекшеліктеріне орай айтылған кіріспе сөзде экскурсия мақсаты мен міндеттері баяндалынады. Экскурсия жүргізуші аты-жөнін айтқан соң бірер секунд пауза берілгендігі дұрыс, себебі экскурсанттар барлығы болмаса да кем дегенде жартысы оның есімін жаттап алулары керек. Бірнеше секундтық паузадан кейін кіріспе сөзді бастауға болады. Паузалар экскурсанттардың назарын толық өзіне аударуы үшін жасалынады. Бұл кезде экскурсанттар экскурсия жүргізушіні сырттай бағалайды, оның киім-киісіне, жүріс-тұрысына іштей баға береді де, оның қандай қызықты жайттарды әңгімелеуі мүмкін екендігін топшылайды.

Экскурсия сюжеті экскурсия жүргізушіге алдын ала белгілі болуы тиіс. Бірер күн бұрын экскурсияға дайындалған ол топты бірден үйіріп әкетуге талпынуы керек. Бұл үшін экскурсия жүргізуші тақырыпты толық меңгеріп, қосымша материалдармен қаруланып алғаны жөн. Ол экскурсияға келушілердің құрамын да жіті қадағалап отыруы тиіс, мейлі ол жергілікті тұрғын болсын, мейлі сырттан келген турист болсын, экскурсия барысында әрбір тақырыптың өз жоспары болғаны абзал. Әдетте, жергілікті халық білетін жайттар сырттан келген туристерге беймәлім болуы ықтимал, сол кезде тарихи оқиғалар тәпшіштеп баяндалғаны дұрыс. Экскурсиядағы әңгіме-баян бірнеше тақырыптардан тұрады. Тіпті, бір нысан төңірегінде әңгіме болғанның өзінде,

онда нысанның тарихы, оның авторы, негізгі архитектуралық келбеті, тарихи-мәдени орны секілдібірнеше тақырыпшаларға жіктеліп кетуі мүмкін. Сол себепті де экскурсия жүргізуші тақырып жайында толымды әңгіме айтуға үнемі дайын болғаны абзал.

Экскурсанттарды автобустан шығаруға алдын ала дайындық керек. Ол үшін автобустан түспей тұрып шағын хабарлама жасап, экскурсия барысында тоқтайтын жерлерді, т.б. жайттарды айтып кеткені жөн. Әдетте, кейбір туристтер автобустан шықпай қалуы ықтимал, сол үшін алдын ала олардың барлығын нысанды тамашалауға шақырып, тақырыпқа қызығушылығын ояту қажет. Автобустан шыққан кезде экскурсия жүргізуші бірінші болып жол көрсетуі тиіс. Ол қай бағытқа қарай жол жүру керектігін айтып, жекелеген адамдардың топтан қалып қалмауын ескертуі керек. Сонымен бірге жолдағы дүкендер желісі,әжетхана, т.б. қоғамдық орындардың қай жерде екендігін алдын ала меңзеп көрсетіліп те қояды.

Әңгіме-баян кезінде немесе автобустан нысанға дейін топты алып жүрген кезде топтың аумағы 5-7 м аралығында болады. Егер одан үлкен болып кетсе, онда экскурсия жүргізушінің сөздері топ мүшелерінің барлығына жете бермейді. Аралары ұзаққа созылып жатқан топ мүшелері әңгіме-баяннан шет қалмауы үшін, сондықтан топты ауық-ауық топтастырып, жинап отыру қажет. Нысанға немесе белгіленген межеге қарай жылжыған кезде топ мүшелерінің құрамы (балалар, жастар, орта жастағы адамдар, зейнеткерлер, мүгедек жандар) ескеріледі.

Экскурсия кезінде экскурсия жүргізуші дұрыс орын таңдап жайғасуы қажет. Ол орыннан экскурсия жүргізуші топтың барлық мүшелеріне көрініп тұруы, дауысы анық естіліп тұруы тиіс. Егер автобус ішінде әңгіме-баян айтылатын болса, онда ол бір қырынан отырып (туристік нысан жанында жаяу жүрген кезде де нысанға бір қырын беріп тұруы қажет), жолдағы нысандар туралы баяндай алады. Автобус ішінде ерсілі-қарсылы жүріп, экскурсанттардың мазасын алуға, олардың назарын тек өзіне аударуға болмайды. Жолдағы нысандар туралы толыққанды мәлімет беріп кету үшін, автобусты тоқтатып, оның қозғалтқышын өшіріп, бірер минут әңгіме-баян айтуға да болады. Себебі бұрылыстан соң ол нысан назарға мүлдем ілікпей қалуы да ықтимал.

Сондай-ақ экскурсия жүргізуші автобус жүріп келе жатқанда әңгіме-баянның микрофон арқылы көпшілікке жеткізіп отырады. Егер микрофон жұмыс істемейтін болса, онда сөз айтудың өзі қиынға түседі. Себебі автобус қозғалтқышының шуылы салонның соңында отырған экскурсанттарға айтылған әңгіме-баян мәтінін толық жеткізуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан да микрофонсыз әңгіме-баян жүргізудің қажеттілігі шамалы. Ал маңызды нысан тұсына келген кезде, автобусты тоқтатып маңызды мағлұматтарды айтып кетуге болады, бірақ тоқтайтын орын туралы жүргізушімен алдын ала келісім жасалып қойылады. Экскурсанттар арасында әр нәрсеге ерекше қызығушылық танытатын адамдар көптеп кездеседі. Топ арасындағы мұндай белсенді адамдар әдетте, жиі сұрақтар қойып жатады. Экскурсия жүргізуші қойылған сұрақтарға дұрыс жауап беріп, тосыннан қойылған сауалдарды әңгіме-баянға кіріктіріп

жіберуі тиіс. Сауалдарға берілген жауапты әңгіме-баянмен бірге өрбітіп жіберуэкскурсия жүргізушінің шешендігін, білімділігі мен зияткерлігін де көрсетеді. Экскурсия жүргізуші қойылған сұраққа жауапты дискуссияға айналдырып жібермеуі тиіс. Мамандар экскурсия кезінде қойылатын сұрақтарды төртке жіктейді: а) экскурсия жүргізушінің сұрағы, оған экскурсанттар жауап береді; ә) экскурсанттар сұрағы, оған экскурсия жүргізуші жауап беріп отырады; б) экскурсия жүргізуші өзі жауап беретін әңгіме-баян кезіндегі сұрақтар; в) экскурсанттар назарын белсендендіру үшін қойылатын риторикалық сұрақтар. Бұл сұрақтардың алғашқы үшеуі экскурсия жүргізу әдістемесімен байланысты болса, соңғысы экскурсия жүргізу техникасымен астасып жатыр. Экскурсия кезінде қойылатын сұрақтар мазмұны әрқалай болып жататындығы белгілі. Тіпті кейде нысанға қатысы жоқ сауалдар қойылуы да ықтимал. Әдетте, мұндай сауалдарға жауап беру үшін әңгіме-баянды тоқтатып тастауға болмайды, оған жауапты экскурсия соңында берген абзал. Тіпті, әңгіме-баянның белгілі бір бөліктерін (тақырыпшаларды) аяқтаған соң да, мұндай сұрақтарға жауап беруге болмайды. Өйткені тосын жауаптар әңгімені басқа арнаға бұрып, әңгіме-баянның мәні мен мағынасын сүреңсіздендіре түседі. Экскурсия жүргізуші тақырыпқа қатысы жоқ сұрақтарға жауап ең соңынан берілетіндігін ескертіп те қоя алады.

«Экскурсия жүргізушінің портфельін» қолданудың өзіндік техникасы бар. Бұл «портфельдің» мазмұны, оның мәні мен рөлі экскурсияны дайындау мен жүргізудің әдістемесімен астасып жатады. Экскурсияның сәтті шығуы үшін портфельдің өзіндік орны ерекше. Музей ісінде әрбір жәдігердің (сурет, портрет, құжат көшірмесі, т.б.) реттік саны бар. Сол реттік санына қарай олар туралы мәліметтер жазылады, айтылады. Әдетте, жәдігер тұрған орнында экскурсия жүргізуші тарапынан көрерменге көрсетіледі. Ол жөнінде толымды мағлұмат берілуі үшін кейде магнитофон немесе бейнефильм таспалары айналдырылуы мүмкін. Бұл аппаратуралармен де экскурсия жүргізуші жақсы таныс болуы тиіс. Егер аппаратура дер кезінде қосылмай жатса, онда келушілер тарапынан экскурсияға деген қызығушылық бәсеңдейді, олардың назары басқа дүниелерге ауады, тіпті, күлкілі жайттар да орын алуы ықтимал. Сол себепті де мұндай аппаратуралардың жұмыс істейтіндігін немесе істемейтіндігін алдын ала тексеріп отырған жөн.

Көп жағдайда экскурсия жүргізудің техникасы оның әсерлі болуына септігін тигізеді. Егер экскурсия жүргізуші әдістемелер жиынтығы мен экскурсия жүргізу техникасын өзара қабыстырар болса, онда оның шеберлігі жоғары деуге болады. Экскурсия жүргізу техникасын меңгермей, сапалы экскурсияны ұйымдастыру мүмкін емес. Өз кезегінде экскурсия жүргізу техникасына бірқатар талаптар қойылады. Олардың қатарына экскурсия жүргізушінің топпен танысуы, автобустан түсіру мен автобусқа кіргізу, оларды маршрут бойынша шашау шығармай алып жүру, нысан маңында топты дұрыс топтастыру, микрофон мен дауыс күшейткішті пайдалану, экскурсияға бөлінген уақытты сақтау, экскурсанттардың сұрақтарына жауап беру, олардың сусын ішу мен тамақтануын (егер экскурсия бірнеше сағаттарға созылса) қамтамасыз ету, т.б. сан алуан жұмыстар кіреді.

Топпен жұмыс істеу бірінші кезекте танысудан басталады. Музей ғимараттарында танысу кірер есік алдында жүргізілсе, автобуста экскурсия жүргізуші оған кіре сала, өзін таныстырып шығады. Өзінің аты-жөнін, қызметін айтып, кіріспе сөз сөйлеуі тиіс. Топтағы адамдардың жас ерекшеліктеріне орай айтылған кіріспе сөзде экскурсия мақсаты мен міндеттері баяндалынады. Экскурсия жүргізуші аты-жөнін айтқан соң бірер секунд пауза берілгендігі дұрыс, себебі экскурсанттар барлығы болмаса да кем дегенде жартысы оның есімін жаттап алулары керек. Бірнеше секундтық паузадан кейін кіріспе сөзді бастауға болады. Паузалар экскурсанттардың назарын толық өзіне аударуы үшін жасалынады. Бұл кезде экскурсанттар экскурсия жүргізушіні сырттай бағалайды, оның киім-киісіне, жүріс-тұрысына іштей баға береді де, оның қандай қызықты жайттарды әңгімелеуі мүмкін екендігін топшылайды.

Экскурсия сюжеті экскурсия жүргізушіге алдын ала белгілі болуы тиіс. Бірер күн бұрын экскурсияға дайындалған ол топты бірден үйіріп әкетуге талпынуы керек. Бұл үшін экскурсия жүргізуші тақырыпты толық меңгеріп, қосымша материалдармен қаруланып алғаны жөн. Ол экскурсияға келушілердің құрамын да жіті қадағалап отыруы тиіс, мейлі ол жергілікті тұрғын болсын, мейлі сырттан келген турист болсын, экскурсия барысында әрбір тақырыптың өз жоспары болғаны абзал. Әдетте, жергілікті халық білетін жайттар сырттан келген туристерге беймәлім болуы ықтимал, сол кезде тарихи оқиғалар тәппіштеп баяндалғаны дұрыс. Экскурсиядағы әңгіме-баян бірнеше тақырыптардан тұрады. Тіпті, бір нысан төңірегінде әңгіме болғанның өзінде, онда нысанның тарихы, оның авторы, негізгі архитектуралық келбеті, тарихи-мәдени орны секілді бірнеше тақырыпшаларға жіктеліп кетуі мүмкін. Сол себепті де экскурсия жүргізуші тақырып жайында толымды әңгіме айтуға үнемі дайын болғаны абзал.

Экскурсанттарды автобустан шығаруға алдын ала дайындық керек. Ол үшін автобустан түспей тұрып шағын хабарлама жасап, экскурсия барысында тоқтайтын жерлерді, т.б. жайттарды айтып кеткені жөн. Әдетте, кейбір туристтер автобустан шықпай қалуы ықтимал, сол үшін алдын ала олардың барлығын нысанды тамашалауға шақырып, тақырыпқа қызығушылығын ояту қажет. Автобустан шыққан кезде экскурсия жүргізуші бірінші болып жол көрсетуі тиіс. Ол қай бағытқа қарай жол жүру керектігін айтып, жекелеген адамдардың топтан қалып қалмауын ескертуі керек. Сонымен бірге жолдағы дүкендер желісі, әжетхана, т.б. қоғамдық орындардың қай жерде екендігін алдын ала меңзеп көрсетіліп те қояды.

Нысан жанына топты орналастыру кезінде оның бірнеше нұсқаларын қарастырып қою қажет. Себебі алдын ала орналастырамын деген орынды басқа бір топ иемденіп, нысанды тамашалап тұруы мүмкін. Экскурсия жүргізуші ең алдымен нысан толыққанды көрінетін жерге топты жайғастырады. Ол экскурсия кезінде болуы ықтимал ауа райының қолайсыздығын (күннің түсуі, жаңбырдың жаууы, желдің соғуы, т.б.) ескереді. Мәселен, нысан күнмен шағылысып тұрса, онда оның әсемдігін, тарихи маңызын топ мүшелерінің көруі қиындайды. Сондықтан экскурсия мүшелерінің күнге арқаларын беріп тұруына, жаңбырдан шатыр астында қорғануына мүмкіндік беретін орындарға

орналастырылуын қамтамасыз етеді. Әдетте, экскурсиялардың басым көпшілігі жаз айларында орын алатындықтан, экскурсия кезінде мұндай қолайсыздықтар сирек орын алады. Десе де, экскурсия жүргізушінің оған дайын болғаны абзал. Егер нысанды бірнеше топ тамашалап тұрса, онда оларға кедергі келтірілмейтін жерге орналасу керек. Мұндай жағдайда көрші топтардың экскурсия жүргізушілерінің сөздері естіле қоймайтын орын тандап алынады. Егер әңгіме-баянға кедергілер (басқа экскурсия жүргізушілердің сөздері, машиналар гуілі, құрылыс жұмыстарының шуылы, т.б.) келтіріліп жатса, онда экскурсия жүргізуші топтың орнын ауыстырғаны жөн.

Әңгіме-баян кезінде немесе автобустан нысанға дейін топты алып жүрген кезде топтың аумағы 5-7 м аралығында болады. Егер одан үлкен болып кетсе, онда экскурсия жүргізушінің сөздері топ мүшелерінің барлығына жете бермейді. Аралары ұзаққа созылып жатқан топ мүшелері әңгіме-баяннан шет қалмауы үшін, сондықтан топты ауық-ауық топтастырып, жинап отыру қажет. Нысанға немесе белгіленген межеге қарай жылжыған кезде топ мүшелерінің құрамы (балалар, жастар, орта жастағы адамдар, зейнеткерлер, мүгедек жандар) ескеріледі.

Ал автобусқа қайтқан кезде экскурсия жүргізуші оларды түгендеп, сосын автобусқа өзі отырады. Топ мүшелерімен танысқан кезде-ақ экскурсия жүргізуші олардың санын біліп алуы қажет. Автобусқа отырған кезде оларға білдірмей экскурсанттарды санап шыққан дұрыс. Егер автобусқа отырған кезде экскурсия жүргізуші топ мүшелерін дауыстап санар болса, бұл әрекет басқалар тарапынан әжуалануы ықтимал, тіпті, адамды санау экскурсанттардың ашу-ызасын туғызуы да ықтимал. Мәселен, қазақ халқының дәстүрлі ырым-тиымдары бойынша «дауыстап адамды санауға болмайды», «тек қана мал саналады» деген ұғымдар бар екендігі белгілі. Сондықтан да адам саны кем болып жатқандығы сезілсе, оларды дауыстап санамай-ақ, «көршілерінен» кімнің келмей жатқандығын, кімнің жоқ екендігін сұрап отырғанның еш сөкеттігі жоқ.

Экскурсия кезінде экскурсия жүргізуші дұрыс орын тандап жайғасуы қажет. Ол орыннан экскурсия жүргізуші топтың барлық мүшелеріне көрініп тұруы, дауысы анық естіліп тұруы тиіс. Егер автобус ішінде әңгіме-баян айтылатын болса, онда ол бір қырынан отырып (туристік нысан жанында жаяу жүрген кезде де нысанға бір қырын беріп тұруы қажет), жолдағы нысандар туралы баяндай алады. Автобус ішінде ерсілі-қарсылы жүріп, экскурсанттардың мазасын алуға, олардың назарын тек өзіне аударуға болмайды. Жолдағы нысандар туралы толыққанды мәлімет беріп кету үшін, автобусты тоқтатып, оның қозғалтқышын өшіріп, бірер минут әңгіме-баян айтуға да болады. Себебі бұрылыстан соң ол нысан назарға мүлдем ілікпей қалуы да ықтимал.

Сондай-ақ экскурсия жүргізуші автобус жүріп келе жатқанда әңгіме-баянын микрофон арқылы көпшілікке жеткізіп отырады. Егер микрофон жұмыс істемейтін болса, онда сөз айтудың өзі қиынға түседі. Себебі автобус қозғалтқышының шуылы салонның соңында отырған экскурсанттарға айтылған әңгіме-баян мәтінін толық жеткізуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан да

микрофонсыз әңгіме-баян жүргізудің қажеттілігі шамалы. Ал маңызды нысан тұсына келген кезде, автобусты тоқтатып маңызды мағлұматтарды айтып кетуге болады, бірақ тоқтайтын орын туралы жүргізушімен алдын ала келісім жасалып қойылады.

Экскурсия кезінде уақыттың сақталуы керектігін барлығы біледі, өйткені экскурсанттар басқа қалаларға немесе өзге нысандарға (музей, тарихи орын, т.б.) баруы мүмкін, яғни белгілі бір уақытта басқа мақсаттары болуы ықтимал. Сол үшін белгіленген немесе бөлінген уақыт ішінде ғана экскурсия жүргізіледі. Мұндай «шеберлік дағды» экскурсия жүргізушіге көбіне практика арқылы келеді. Жас экскурсия жүргізуші белгіленген уақытта экскурсияны бітіру үшін алдымен маршрутпен жүріп өтіп, сөйлейтін сөздері мен әңгіме-баянның уақытын белгілеп алғаны жөн. Керек болса айна алдында тұрып әңгіме-баянды қайталап, уақыт арқылы оның ұзақтығын белгілеп отырған да дұрыс. Егер бөлінген уақыт ішінде әңгіме-баян бітіп қалса, онда қосымша материалдар беру, экскурсанттардың өздеріне азды-кемді «еркін» уақыт беру (нысанды тамашалау, суретке түсу, т.б. үшін) арқылы уақытты аздап созуға да болады. Мұндай жағдайда оларды көзден таса қылмау керек. Оларға кездесетін уақыт пен жолығатын жерді алдын ала айтып қою қажет. Және де мұндай үзіліс ұзаққа созылмағаны жөн.

Экскурсанттар арасында әр нәрсеге ерекше қызығушылық танытатын адамдар көптеп кездеседі. Топ арасындағы мұндай белсенді адамдар әдетте, жиі сұрақтар қойып жатады. Экскурсия жүргізуші қойылған сұрақтарға дұрыс жауап беріп, тосыннан қойылған сауалдарды әңгіме-баянға кіріктіріп жіберуі тиіс. Сауалдарға берілген жауапты әңгіме-баянмен бірге өрбітіп жіберу экскурсия жүргізушінің шешендігін, білімділігі мен зияткерлігін де көрсетеді. Экскурсия жүргізуші қойылған сұраққа жауапты дискуссияға айналдырып жібермеуі тиіс. Мамандар экскурсия кезінде қойылатын сұрақтарды төртке жіктейді: а) экскурсия жүргізушінің сұрағы, оған экскурсанттар жауап береді; ә) экскурсанттар сұрағы, оған экскурсия жүргізуші жауап беріп отырады; б) экскурсия жүргізуші өзі жауап беретін әңгіме-баян кезіндегі сұрақтар; в) экскурсанттар назарын белсендендіру үшін қойылатын риторикалық сұрақтар. Бұл сұрақтардың алғашқы үшеуі экскурсия жүргізу әдістемесімен байланысты болса, соңғысы экскурсия жүргізу техникасымен астасып жатыр. Экскурсия кезінде қойылатын сұрақтар мазмұны әрқалай болып жататындығы белгілі. Тіпті кейде нысанға қатысы жоқ сауалдар қойылуы да ықтимал. Әдетте, мұндай сауалдарға жауап беру үшін әңгіме-баянды тоқтатып тастауға болмайды, оған жауапты экскурсия соңында берген абзал. Тіпті, әңгіме-баянның белгілі бір бөліктерін (тақырыпшаларды) аяқтаған соң да, мұндай сұрақтарға жауап беруге болмайды. Өйткені тосын жауаптар әңгімені басқа арнаға бұрып, әңгіме-баянның мәні мен мағынасын сүреңсіздендіре түседі. Экскурсия жүргізуші тақырыпқа қатысы жоқ сұрақтарға жауап ең соңынан берілетіндігін ескертіп те қоя алады.

Экскурсия кезінде экскурсия жүргізуші тарапынан пауза жиі қолданылып жатады. Жұртты мезі қылмау үшін экскурсия жүргізуші тоқтамай сөйлей бермеуі керек. Тек оның тарихи оқиғалармен, құбылыстармен қабысып жатқан

сөз баяны өлең, мақал-мәтелдер арқылы ішкі іңкәр сезімдерді қамтып, экскурсанттар жүрегіне жетіп жатса, келушілер тарапынан «экскурсия қызықты болды» деп бағаланады. Әрине, экскурсияны бір сарында өткізуге болмайды. Оны түрлендіріп, әңгіме-баянда дауыс ырғақтарын жи-жиі қолданып отыруға да болады. Сонымен қатар, ауық-ауық үзілістер арқылы экскурсанттар назарын өнер туындыларының белгілі бір бөлшектеріне, тарихи оқиғаларға, т.б. аударуда да үзілістің рөлі зор болып қала бермек. Әдетте үзілістен кейін, экскурсант көрсетілген затқа немесе оның бөлшегіне шұқшия түседі, ол жәдігерді бақылап, оны есте сақтайды, сыртқы келбеті туралы ақпараттарды ойда қорытады. Бұл кезде экскурсанттар әңгіме-баяннан біршама дем алады. Ал қала сыртына шыққан кезде жолай үлкен үзілістер жиі болып тұрады. Әдістемелік нұсқаулықтар бойынша экскурсия өткізетін жүргізушінің бір сағаты 45 минуттан тұрады. Жаяу жүретін жолда үзілістер экскурсанттарды дем алдыру, тынықтырып алу үшін қолданылады. Сондай-ақ, экскурсия кезінде кәдесый алу, т.б. үшін берілген уақытты да үзіліс немесе бос уақыт деуге болады. Осындай бос уақыттар кезінде топты тастап басқаша жаққа кетуге болмайды, топ мүшелері арасында болып жатқан іс-әрекеттердің барлығы экскурсия жүргізуші тарапынан жіті қадағаланып отырылады.

«Экскурсия жүргізушінің портфельін» қолданудың өзіндік техникасы бар. Бұл «портфельдің» мазмұны, оның мәні мен рөлі экскурсияны дайындау мен жүргізудің әдістемесімен астасып жатады. Экскурсияның сәтті шығуы үшін портфельдің өзіндік орны ерекше. Музей ісінде әрбір жәдігердің (сурет, портрет, құжат көшірмесі, т.б.) реттік саны бар. Сол реттік санына қарай олар туралы мәліметтер жазылады, айтылады. Әдетте, жәдігер тұрған орнында экскурсия жүргізуші тарапынан көрерменге көрсетіледі. Ол жөнінде толымды мағлұмат берілуі үшін кейде магнитофон немесе бейнефильм таспалары айналдырылуы мүмкін. Бұл аппаратуралармен де экскурсия жүргізуші жақсы таныс болуы тиіс. Егер аппаратура дер кезінде қосылмай жатса, онда келушілер тарапынан экскурсияға деген қызығушылық бәсеңдейді, олардың назары басқа дүниелерге ауады, тіпті, күлкілі жайттар да орын алуы ықтимал. Сол себепті де мұндай аппаратуралардың жұмыс істейтіндігін немесе істемейтіндігін алдын ала тексеріп отырған жөн.

### **Бақылау сұрақтары:**

1. «Экскурсияны жүргізу техникасы» түсінігін қалай сипаттауға болады?
2. Топпен жұмыс неден басталады?
3. Топты алып жүрудегі негізгі техникаларды атап кетіңіз.
4. Экскурсанттарды нысан жанына орналастыру техникасын әңгімелеңіз.
5. Экскурсанттардың сауалдарына берілетін «жауап беру» техникасы туралы баяндаңыз.
6. Экскурсия кезінде қолданылатын паузалардың рөлін қалай белгілейсіз?

### **Ұсынылатын әдебиеттер:**

1. Основы музееведения. Отв. Ред. Э.А. Шулепова М., 2005
2. Мескон М.Х., Альберт М. Хедоури. Основы менеджмента. М., 1993.

3. Савина Н.В., Горбылева З.М. Экскурсоведение: Учебное пособие. – Минск, 2004.
4. Емельянов Б.В. Экскурсоведение. Учебное пособие. –М., 2002.
5. Райымханова К.Н., Қатран Д. Музей ісінің теориясы мен практикасы. –А., 2001
6. Дькова Р.А. Основы экскурсоведения. –М.:1985.–255 с.